

Бекжанова С.Ж. – магистр, старший преподаватель кафедры общей и прикладной психологии Казахского национального педагогического университета имени Абая, г. Алматы, Казахстан. E-mail: sani-161189@mail.ru.

Information about the Authors:

Belgibayev B.I. – First-Year Master's Student in the 7M03122 Clinical Psychology with Fundamentals of Psychotherapy Educational Program at Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: belgibaev16@list.ru. ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0001-8539-3186>

Kudusheva N.A. – PhD, Senior Lecturer at the Department of General and Applied Psychology, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: n.kudusheva@abaiuniversity.edu.kz

Ingaibekova T.A. – PhD, Senior Lecturer at the Department of General and Applied Psychology, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: tolkyn.amangeldi@inbox.ru.

Bekzhanova S.Zh. – Master's degree holder, Senior Lecturer at the Department of General and Applied Psychology, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: sani-161189@mail.ru.

FTAXP: 15.81.61

<https://doi.org/10.51889/2959-5967.2026.88.3.006>

Демеуханова А.Т.*¹ 

Тұран университеті, Алматы қ, Қазақстан.

E-mail: psiholog-ainura@mail.ru

Студенттердің интернетке тәуелділігіне психо-эмоциялық күйдің әсері

Аңдатпа

Мақалада студенттердің интернетке тәуелділік кезіндегі физикалық агрессия жанама агрессия, тітіркенгіштік, негативизм, ренжігіштік, күдікшілдік, вербалды агрессия, кінәлану сезімі сынды өзекті функционалды жағдайының өзгешеліктерін анықтауға бағытталған эмпирикалық зерттеулердің деректері келтірілген. Зерттеу барысында «Басса-Дарки» сауалнамасы орыс тілінде А.А. Хван, Ю.А. Зайцев және Ю.А. Кузнецова 2005 жылы стандарттаған әдістеме алынған. Эксперименттік зерттеуге Каспий қоғамдық университеті мен Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде өтті, онлайн-форматта жүргізілді. Бұл студенттердің саны ғылыми нәтиженің қажетті деңгейдегі статистикалық негізделмеген. Әдістемелердің психометриялық көрсеткіштері жоғары болды. Зерттеудің алынған нәтижелері студенттердің психологиялық интернетке тәуелділікте психо-эмоциялық психологиясының теориялық негізі бола алады, оны практикалық психологтар интернетке тәуелділік негізіндегі эмоционалдық мінез-құлықты жағдайында студенттермен жұмыс жасауда психо-эмоциялық және әлеуметтік әл-ауқатты жақсарту үшін қолдана алады. Зерттеу нәтижелері интернетке тәуелділік негізінде агрессиялық ерекшеліктерінде айырмашылықтар бар екенін анықтады.

Түйін сөздер: Интернет тәуелділік, агрессия, психо-эмоциялық күй, психикалық денсаулық, эмоциялық реттеу.

Демеуханова А.Т.*.

Университет «Туран», г. Алматы, Казахстан

E-mail: psiholog-ainura@mail.ru

Влияние психоэмоционального состояния на интернет-зависимость студентов

Аннотация

В статье представлены данные эмпирических исследований, направленных на выявление специфических особенностей фактического функционального состояния студентов с интернет-зависимостью, таких как физическая агрессия, косвенная агрессия, раздражительность,

негативизм, обидчивость, подозрительность, вербальная агрессия и чувство вины. В ходе исследования использовался опросник «Басса-Дарки», стандартизированный на русском языке А.А. Хваном, Я.А. Зайцевым и Я.А. Кузнецовой в 2005 году. Экспериментальное исследование проводилось в Каспийском государственном университете и Казахском национальном аграрном исследовательском университете в онлайн-формате. Такое количество студентов не обеспечило необходимого уровня статистического обоснования научного результата. Психометрические показатели методов были высокими. Результаты исследования могут служить теоретической основой для психоэмоциональной психологии студентов с психологической интернет-зависимостью, которую могут использовать практические психологи для улучшения психоэмоционального и социального благополучия при работе со студентами с эмоциональным поведением, основанным на интернет-зависимости. Результаты исследования показали наличие различий в агрессивных чертах характера в зависимости от интернет-зависимости.

Ключевые слова: интернет-зависимость, агрессия, психоэмоциональное состояние, психическое здоровье, эмоциональная регуляция.

Demeukhanova A.T.*

Turan University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: psiholog-ainura@mail.ru

The Impact of Psycho-Emotional State on Internet Addiction Among Students

Abstract

The article presents data from empirical studies aimed at identifying the specific features of the actual functional state of students with Internet addiction, such as physical aggression, indirect aggression, irritability, negativism, resentment, suspicion, verbal aggression, and guilt. During the study, the “Bassa-Darki” questionnaire was used, standardized in Russian by A.A. Khvan, Y.A. Zaitsev and Y.A. Kuznetsova in 2005. The experimental study was conducted at the Caspian Public University and the Kazakh National Agrarian Research University, and was conducted in an online format. This number of students did not provide the necessary level of statistical justification for the scientific result. The psychometric indicators of the methods were high. The results of the study can serve as a theoretical basis for the psycho-emotional psychology of students with psychological Internet addiction, which can be used by practical psychologists to improve psycho-emotional and social well-being in working with students with emotional behavior based on Internet addiction. The results of the study revealed that there are differences in aggressive traits based on Internet addiction.

Keywords: *Internet addiction, aggression, psycho-emotion, mental health, emotional regulation*

Қысқашы. Қазіргі цифрлық қоғамда интернет білім алу, ақпарат іздеу, кәсіби коммуникация, әлеуметтік өзара әрекеттестік және бос уақытты ұйымдастырудың ажырамас құралына айналды. Әсіресе жоғары оқу орны студенттері интернетті оқу тапсырмаларын орындау, ғылыми ақпарат іздеу, онлайн білім беру ресурстарын пайдалану және әлеуметтік қарым-қатынас орнату мақсатында белсенді қолданады. Интернеттің білім беру мен коммуникациялық мүмкіндіктерінің кеңеюі студенттердің ақпаратқа қолжетімділігін арттырғанымен, оны шамадан тыс және бақылаусыз пайдалану психологиялық және әлеуметтік сипаттағы бірқатар мәселелермен байланысты болуы мүмкін. Осы тұрғыдан интернетке тәуелділік және проблемалық интернет қолдану мәселесі қазіргі психологиядағы өзекті зерттеу бағыттарының біріне айналып отыр.

Интернетке тәуелділікті ғылыми тұрғыдан зерттеудің қалыптасуында К. Янгтың еңбектері маңызды орын алады. Young (1998) интернетті шамадан тыс пайдалануды адамның күнделікті өміріне, әлеуметтік қарым-қатынасына, оқуына және кәсіби қызметіне кері ықпал етуі мүмкін мінез-құлықтық проблема ретінде қарастырып, оның клиникалық-психологиялық белгілерін сипаттады. Кейінгі зерттеулерде интернетті проблемалық пайдалану тек интернетте өткізілетін уақыт мөлшерімен ғана емес, оны пайдалануды бақылаудың қиындауы, интернетке қолжетім-

ділік шектелген кездегі психологиялық жайсыздық және оның оқу, әлеуметтік қатынастар мен күнделікті қызметке кері әсері сияқты сипаттамалармен байланысты қарастырыла бастады.

Студенттік кезең интернетті проблемалық пайдаланудың психологиялық салдарын зерттеу үшін ерекше маңызды. Жоғары оқу орнында білім алу кезеңі оқу жүктемесінің артуымен, жаңа әлеуметтік ортаға бейімделумен, дербестіктің қалыптасуымен және эмоционалдық реттелуге қойылатын талаптардың күшеюімен сипатталады. Осы жағдайларда интернет бір жағынан ақпараттық және әлеуметтік ресурс қызметін атқарса, екінші жағынан психологиялық күйзелісті уақытша төмендету немесе жағымсыз эмоциялардан алшақтау құралына айналуы ықтимал. Сондықтан интернетті шамадан тыс пайдалану мен студенттердің психоэмоциялық жағдайы арасындағы байланысты зерттеу теориялық және қолданбалы маңызға ие.

Қазіргі халықаралық зерттеулер интернетке тәуелділік пен психологиялық күйзеліс арасындағы байланысты көрсетеді. Öztekin (2024) Түркиядағы 732 колледж студентін зерттеу барысында интернетке тәуелділіктің депрессия, мазасыздық және стресс көрсеткіштерімен оң, ал студенттердің оқу үдерісіне тартылуымен теріс байланыста екенін анықтады. Сонымен қатар депрессия, мазасыздық және стресс интернетке тәуелділік пен студенттердің мінез-құлықтық, эмоциялық және когнитивтік оқу белсенділігі арасындағы байланыстың медиаторлары ретінде анықталған. Бұл нәтижелер интернетті проблемалық пайдалану мәселесін студенттің оқу әрекетінен бөлек қарастырмай, оның психологиялық күйзелісімен және эмоционалдық жағдайымен өзара байланыста зерттеудің қажеттілігін көрсетеді.

Интернетті шамадан тыс пайдалану мен эмоциялық саланың өзара байланысын эмоционалдық интеллект тұрғысынан қарастыратын зерттеулер де маңызды. El-Gazar et al. (2024) Египеттегі Мансура университетінің 180 мейіргер студентін қамтыған көлденең зерттеуде интернетке тәуелділік пен эмоционалдық интеллект арасындағы байланысты зерттеген. Зерттеу барысында интернетке тәуелділік көрсеткіштерінің эмоционалдық интеллектімен теріс байланысы анықталған. Авторлар студенттердің интернетті проблемалық пайдалануын азайтуға және эмоциялық ресурстарын дамытуға бағытталған білім беру және профилактикалық бағдарламалардың қажеттілігіне назар аударады.

Бұл бағыттағы зерттеулер интернетке тәуелділік пен эмоционалдық интеллект арасындағы байланыстың студенттердің психикалық денсаулығына да қатысы бар екенін көрсетеді. Zewude et al. (2024) университет студенттері арасында жүргізген зерттеуде интернетке тәуелділік психикалық денсаулықпен және эмоционалдық интеллектпен теріс байланыс көрсеткенін, ал эмоционалдық интеллект интернетке тәуелділік пен психикалық денсаулық арасындағы қатынаста медиаторлық рөл атқарғанын анықтады. Авторлар эмоционалдық интеллектіні дамытуға бағытталған психологиялық және білім беру интервенцияларын студенттердің психикалық денсаулығын қолдаудың және проблемалық интернет қолданудың алдын алудың ықтимал ресурсы ретінде қарастырады.

Осы зерттеулерді салыстырмалы талдау интернетке тәуелділіктің студенттердің психоэмоциялық жағдайымен біржақты емес, күрделі өзара байланыста болуы мүмкін екенін көрсетеді. Депрессиялық белгілер, мазасыздық пен стресс проблемалық интернет қолданумен қатар жүруі мүмкін болса, эмоционалдық реттеу және эмоционалдық интеллект сияқты тұлғалық ресурстар бұл байланыстың сипатына ықпал етуі ықтимал. Сондықтан студенттердің интернетті пайдалану ерекшеліктерін олардың эмоциялық жағдайынан, өзін-өзі реттеу қабілетінен және мінез-құлық реакцияларынан бөлек зерттеу мәселенің психологиялық мазмұнын толық ашуға мүмкіндік бермейді.

Қазақстандық психологиялық зерттеулерде де интернетке тәуелділік мәселесіне назар аударылып келеді. Навий, Шурманова және Ракишева (2023) интернетке тәуелділіктің студенттердің психологиялық жағдайына ықпалын зерттеп, оның пайда болу себептерін, психикалық күй мен көңіл-күй ерекшеліктерімен байланысын қарастырған. Авторлар интернетке тәуелділіктің алдын алуға және оны төмендетуге бағытталған психологиялық бағдарламаларды қолданудың маңызын көрсетеді. Бұл зерттеу интернетті шамадан тыс пайдалануды қазақстандық студенттер ортасында қарастырудың өзектілігін негіздейді.

Сонымен қатар интернетті проблемалық пайдалану адамның әлеуметтік-психологиялық қызметімен де байланысты болуы мүмкін. Отандық зерттеулерде әлеуметтік желілерді шамадан тыс пайдалану мен тұлғаның коммуникативтік ерекшеліктері, әлеуметтік өзара әрекеттестігі және психологиялық жағдайы арасындағы байланыстар қарастырылған. Мұндай нәтижелер цифрлық мінез-құлықты адамның эмоциялық және тұлғалық ерекшеліктерімен өзара байланыста зерттеудің қажеттілігін күшейтеді.

Интернетке тәуелділіктің психоэмоциялық көріністерін зерттеуде агрессиялық және дұшпандық реакцияларға да назар аудару маңызды. Эмоциялық кернеу, тітіркенгіштік, күдікшілдік, реніш, вербалды және жанама агрессия тұлғаның психоэмоциялық жағдайын сипаттайтын мінез-құлықтық көріністердің қатарына жатады. Осыған байланысты интернетті шамадан тыс пайдалану көрсеткіштері мен агрессиялық-эмоциялық реакциялар арасындағы ықтимал байланысты зерттеу студенттердің цифрлық мінез-құлқының психологиялық ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл мәселе әсіресе студенттердің интернетті тек академиялық мақсатта ғана емес, әлеуметтік қарым-қатынас, ойын-сауық және эмоциялық шиеленісті төмендету мақсатында да кеңінен қолданатынын ескергенде маңызды.

Жүргізілген ғылыми еңбектерді талдау интернетке тәуелділік мәселесінің халықаралық зерттеулерде психологиялық күйзеліс, депрессия, мазасыздық, стресс, эмоционалдық интеллект және психикалық денсаулық көрсеткіштерімен байланыста белсенді зерттеліп келе жатқанын көрсетеді (El-Gazar et al., 2024; Öztekin, 2024; Zewude et al., 2024). Дегенмен қазақстандық студенттер арасында интернетті шамадан тыс пайдалану ерекшеліктері мен агрессиялық-эмоциялық реакциялардың өзара байланысын эмпирикалық тұрғыдан зерттеу қажеттілігі сақталып отыр. Аталған ғылыми мәселе студенттердің психологиялық саулығын қолдауға және проблемалық интернет қолданудың алдын алуға бағытталған психологиялық-профилактикалық шараларды ғылыми негіздеу тұрғысынан маңызды.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – студенттердің интернетті пайдалану ерекшеліктері мен психоэмоциялық күй көрсеткіштерінің, соның ішінде агрессиялық және дұшпандық реакциялардың өзара байланысын эмпирикалық тұрғыдан анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу студенттердің интернетті пайдалану ерекшеліктері мен олардың психоэмоциялық күй көрсеткіштері арасындағы өзара байланысты анықтауға бағытталған эмпирикалық, көлденең кималық (cross-sectional) және корреляциялық дизайн негізінде жүргізілді. Зерттеудің негізгі мақсаты – студенттердің интернетті пайдалану ерекшеліктері мен психоэмоциялық күйінің, соның ішінде агрессиялық және дұшпандық реакцияларының өзара байланысын анықтау.

Зерттеу мақсатына сәйкес мынадай зерттеу міндеттері айқындалды: студенттердің интернетті пайдалану ерекшеліктері мен психоэмоциялық күйінің өзара байланысына арналған отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді талдау; зерттеуге қатысушылардың агрессиялық және дұшпандық реакцияларының ерекшеліктерін эмпирикалық тұрғыдан бағалау; интернетті пайдалану көрсеткіштері мен психоэмоциялық күй сипаттамалары арасындағы статистикалық байланыстарды анықтау және алынған нәтижелерді психологиялық тұрғыдан интерпретациялау.

Зерттеу болжамы студенттердің интернетті пайдалану ерекшеліктері мен психоэмоциялық күй көрсеткіштері арасында статистикалық мәнді байланыстар бар деген пайымға негізделді. Атап айтқанда, интернетті ұзақ және жиі пайдалану, интернетке қолжетімділік болмаған кездегі психологиялық жайсыздық, бос уақыттың едәуір бөлігін интернетте өткізу және интернетті эмоциялық жеңілдеу құралы ретінде пайдалану агрессиялық және дұшпандық реакциялардың жекелеген көрсеткіштерімен байланысты болуы мүмкін деп болжанды.

Зерттеуге қатысушылар. Зерттеудің бастапқы іріктемесін 71 студент құрады, оның ішінде 40 ер және 31 әйел білім алушы болды. Деректерді статистикалық өңдеу барысында жекелеген сауалнама тармақтарына толық жауап берілмеуіне байланысты әр көрсеткіш бойынша жарамды бақылаулар саны бірдей болмады. Басс–Дарки сауалнамасының жекелеген шкалалары бойынша талдауға енгізілген жауаптар саны 61–68 аралығында өзгерді, ал барлық қарастырылған көрсеткіштер бойынша толық деректері бар респонденттер саны 56 болды.

Зерттеуге қатысушылардың жауаптары жинақталған түрде өңделіп, нәтижелер топтық деңгейде талданды.

Зерттеу әдістемелері. Студенттердің психоэмоциялық күйінің мінез-құлықтық көріністерін бағалау үшін Басс–Даркидің агрессиялық және дұшпандық реакцияларды анықтауға арналған сауалнамасы (Buss–Durkee Hostility Inventory, BDHI) қолданылды. Әдістеме агрессия мен дұшпандықтың әртүрлі формаларын бағалауға арналған 75 дихотомиялық тұжырымнан тұрады және сегіз негізгі шкаланы қамтиды: физикалық агрессия, жанама агрессия, тітіркенгіштік, негативизм, реніш, күдікшілдік, вербалды агрессия және кінә сезімі. BDHI агрессия мен дұшпандықты көпкомпонентті психологиялық құрылым ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеуде әдістеменің А.А. Хван, Ю.А. Зайцев және Ю.А. Кузнецова ұсынған орыс тіліндегі стандартталған нұсқасы пайдаланылды. Авторлардың Басс–Дарки сауалнамасын стандарттауға арналған еңбегі 2008 жылы «Психологическая диагностика» журналының №1 санында жарияланған (Хван және т.б., 2008).

Физикалық агрессия шкаласы басқа адамға қатысты физикалық күш қолдануға бейімділікті; жанама агрессия тікелей адресатқа бағытталмаған немесе жанама түрде көрінетін агрессиялық реакцияларды; тітіркенгіштік жағымсыз эмоциялық реакциялардың жылдам туындауына бейімділікті; негативизм беделге немесе талаптарға оппозициялық реакцияны; реніш қоршаған адамдарға қатысты өкпе мен жағымсыз эмоциялық қатынасты; күдікшілдік адамдарға сенімсіздікпен қарау тенденциясын; вербалды агрессия жағымсыз сезімдерді сөз арқылы білдіруді; ал кінә сезімі адамның өзінің әрекеттеріне байланысты өкініш пен өзін айыптау тенденцияларын сипаттайды.

Интернетті пайдалану ерекшеліктерін анықтау үшін зерттеуде интернетті қолдану жиілігі мен субъективті маңызын сипаттайтын сұрақтар пайдаланылды. Олар интернетті күн сайын ұзақ уақыт пайдалану, оны оқу және ақпарат алу үшін маңызды деп қабылдау, интернетке кіре алмаған кезде мазасыздық немесе жайсыздық сезіну, интернетті шамадан тыс пайдаланудың достарымен және отбасымен қарым-қатынасқа ықпалын бағалау, бос уақыттың көп бөлігін интернетте өткізу, интернетті эмоциялық жеңілдеу немесе көңіл-күйді көтеру мақсатында пайдалану, соңғы бір жылда интернетке жұмсалатын уақыттың артуы және интернетсіз өмір сүрудің қиындығын субъективті бағалау сияқты көрсеткіштерді қамтыды. Аталған көрсеткіштер кейін Басс–Дарки сауалнамасының шкалаларымен корреляциялық талдауға енгізілді. Осы жерде әдіснамалық тұрғыдан маңызды шектеуді атап өткен жөн: Басс–Дарки сауалнамасы интернетке тәуелділікті диагностикаламайды, ол агрессиялық және дұшпандық реакцияларды бағалайды. Сондықтан зерттеуде аталған әдістеме студенттердің интернетке тәуелділік деңгейін анықтау құралы ретінде емес, интернетті пайдалану көрсеткіштерімен байланысты психоэмоциялық және мінез-құлықтық ерекшеліктерді бағалау мақсатында қолданылды.

Деректерді статистикалық өңдеу. Эмпирикалық деректерді статистикалық өңдеу IBM SPSS Statistics 23 бағдарламалық пакеті арқылы жүргізілді. Алғашқы кезеңде зерттелетін көрсеткіштердің жалпы сипатын анықтау үшін сипаттамалық статистика есептелді: респонденттер саны (N), минималды және максималды мәндер, орташа арифметикалық көрсеткіш (M) және стандарттық ауытқу (SD). Студенттердің интернетті пайдалану көрсеткіштері мен Басс–Дарки сауалнамасының психоэмоциялық көрсеткіштері арасындағы өзара байланысты анықтау үшін Спирменнің рангтік корреляция коэффициенті (Spearman's ρ) қолданылды. Статистикалық мәнділік деңгейлері $p < .05$ және $p < .01$ ретінде қабылданды. Корреляциялық талдау физикалық агрессия, жанама агрессия, тітіркенгіштік, негативизм, реніш, күдікшілдік, вербалды агрессия, кінә сезімі, дұшпандық және жалпы агрессивтілік көрсеткіштерінің интернетті пайдалану ерекшеліктерімен байланысын бағалауға бағытталды.

Зерттеудің корреляциялық дизайны айнымалылар арасындағы статистикалық өзара байланысты анықтауға мүмкіндік береді, алайда олардың арасындағы себеп-салдарлық қатынасты дәлелдемейді. Сондықтан алынған нәтижелер интернетті пайдалану психоэмоциялық өзгерістердің тікелей себебі болып табылады деген мағынада емес, зерттелген көрсеткіштердің өзара байланысы тұрғысынан интерпретацияланды.

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Зерттеудің эмпирикалық кезеңінде студенттердің интернетті пайдалану ерекшеліктері мен олардың психоэмоциялық күйінің мінез-құлықтық көрсеткіштері арасындағы өзара байланыс талданды. Психоэмоциялық ерекшеліктерді бағалауда Басс–Дарки әдістемесінің физикалық агрессия, жанама агрессия, тітіркенгіштік, негативизм, реніш, күдікшілдік, вербалды агрессия және кінә сезімі шкалалары пайдаланылды. Сонымен қатар дұшпандық пен жалпы агрессивтілік көрсеткіштері қарастырылды.

Зерттеу нәтижелерін талдау екі кезеңде жүргізілді. Бірінші кезеңде Басс–Дарки әдістемесі бойынша алынған көрсеткіштерге сипаттамалық статистикалық талдау жасалып, әр шкала бойынша орташа мәндер мен стандарттық ауытқулар, сондай-ақ минималды және максималды көрсеткіштер анықталды. Бұл талдау зерттелген топтағы агрессиялық және дұшпандық реакциялардың жалпы көрінісін сипаттауға және жекелеген психоэмоциялық көрсеткіштердің салыстырмалы ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Екінші кезеңде студенттердің интернетті пайдалану ерекшеліктері мен Басс–Дарки әдістемесі бойынша анықталған психоэмоциялық көрсеткіштер арасындағы өзара байланыстар Спирменнің рангтік корреляция коэффициенті арқылы бағаланды. Корреляциялық талдау интернетті пайдалану ұзақтығы, оның субъективті маңыздылығы, интернетке қолжетімділік болмаған кездегі жайсыздық, бос уақытты интернетте өткізу және оны эмоциялық жеңілдеу мақсатында пайдалану сияқты көрсеткіштердің агрессиялық және дұшпандық реакциялармен байланысын анықтауға бағытталды.

Алдымен зерттелген психоэмоциялық көрсеткіштердің жалпы сипатын анықтау мақсатында Басс–Дарки әдістемесінің негізгі шкалалары бойынша сипаттамалық статистика есептелді. Алынған нәтижелер 1-кестеде ұсынылған.

Кесте 1 – Басс–Дарки әдістемесінің шкалалары бойынша сипаттамалық статистика-лық көрсеткіштер

	N	Минимум	Максимум	Орташа өлшемі	Орташа квадраттық ауытқу
Физикалық агрессия	65	1,00	9,00	4,7077	1,68377
Жанама агрессия	68	1,00	6,00	3,7500	1,43906
Тітіргендіргіш	66	,00	10,00	4,5455	2,24075
Негативизм	67	,00	6,00	3,2985	1,54738
Реніш	67	,00	6,00	2,6716	1,48107
Күдікшілдік	66	1,00	8,00	4,0303	1,52890
Вербальды агрессия	64	1,00	11,00	5,8125	2,17398
Кінә сезімі	62	,00	9,00	4,4839	2,44106
Дұшпандық	65	2,00	13,00	6,7231	2,42066
Агрессивтілік	61	8,00	25,00	15,0000	4,76445
N жарамды (n)	56				

1-кестеде Басс–Дарки әдістемесінің негізгі шкалалары бойынша алынған сипаттамалық статистикалық көрсеткіштер берілген. Нәтижелерді салыстырмалы талдау зерттелген психоэмоциялық және мінез-құлықтық реакциялардың көріну дәрежесі бойынша белгілі бір айырмашылықтардың бар екенін көрсетті.

Физикалық агрессия шкаласы бойынша орташа мән $M = 4,71$, стандарттық ауытқу $SD = 1,68$ болды. Жанама агрессия көрсеткішінің орташа мәні $M = 3,75$ ($SD = 1,44$) деңгейінде тіркелді. Бұл көрсеткіштердің өзара салыстырылуы зерттелген топта физикалық агрессия көрсеткішінің жанама агрессияға қарағанда салыстырмалы түрде жоғары болғанын көрсетеді.

Тітіркенгіштік шкаласы бойынша орташа мән $M = 4,55$, ал стандарттық ауытқу $SD = 2,24$ болды. Стандарттық ауытқудың бірқатар басқа шкалалармен салыстырғанда жоғары болуы зерттеуге қатысушылар арасында тітіркенгіштік көрсеткішінің вариативтілігі айқынырақ екенін көрсетеді. Яғни бұл психоэмоциялық реакция барлық респондентте бірдей дәрежеде


байқалмаған. Негативизм көрсеткішінің орташа мәні $M = 3,30$ ($SD = 1,55$), ал реніш шкаласы бойынша $M = 2,67$ ($SD = 1,48$) болды. Зерттелген шкалалардың ішінде реніштің орташа көрсеткіші салыстырмалы түрде төмен мәндердің бірін көрсетті. Күдікшілдік шкаласының орташа мәні $M = 4,03$, стандарттық ауытқуы $SD = 1,53$ болды.

Вербалды агрессия көрсеткіші $M = 5,81$ ($SD = 2,17$) болып, физикалық, жанама агрессия, тітіркенгіштік, негативизм, реніш және күдікшілдік көрсеткіштерімен салыстырғанда жоғары орташа мән көрсетті. Бұл нәтиже зерттелген топта агрессиялық реакциялардың сөздік формада көрінуінің салыстырмалы түрде айқынырақ екенін көрсетеді. Алайда шкалалардың балдық диапазондары бірдей болмауы мүмкін болғандықтан, бұл айырмашылықтарды абсолютті деңгейлік айырмашылық ретінде емес, зерттелген таңдамадағы сипаттамалық көрсеткіштер ретінде интерпретациялау қажет.

Кінә сезімі шкаласы бойынша орташа көрсеткіш $M = 4,48$, стандарттық ауытқу $SD = 2,44$ болды. Бұл шкала бойынша стандарттық ауытқудың салыстырмалы жоғары болуы респонденттердің өзін кінәлау мен жасалған әрекеттерге эмоциялық реакция білдіру ерекшеліктерінде жеке айырмашылықтардың бар екенін көрсетеді. Дұшпандықтың жиынтық көрсеткіші бойынша орташа мән $M = 6,72$ ($SD = 2,42$), ал жалпы агрессивтілік көрсеткіші $M = 15,00$ ($SD = 4,76$) болды. Жалпы агрессивтілік көрсеткішіндегі стандарттық ауытқудың көлемі зерттелген студенттер арасында агрессиялық реакциялардың көрінуінде елеулі жеке айырмашылықтардың бар екенін көрсетеді.


Осылайша, сипаттамалық статистика нәтижелері зерттелген топта агрессиялық және дұшпандық реакциялардың біркелкі емес көрінетінін көрсетті. Әсіресе вербалды агрессия, тітіркенгіштік, кінә сезімі және жиынтық агрессивтілік көрсеткіштеріндегі вариативтілік назар аудартады. Дегенмен сипаттамалық статистика бұл ерекшеліктердің интернетті пайдалану көрсеткіштерімен байланысты екенін өздігінен дәлелдемейді. Сондықтан зерттеудің келесі кезеңінде интернетті пайдалану ерекшеліктері мен аталған психоэмоциялық көрсеткіштер арасындағы статистикалық байланыстар корреляциялық талдау арқылы бағаланды.

Сипаттамалық статистиканы толықтыру және жекелеген психоэмоциялық көрсеткіштердің таңдамадағы таралу ерекшеліктерін визуалды бағалау мақсатында негативизм, реніш, вербалды агрессия және кінә сезімі шкалалары бойынша жиілік үлестірімдері қарастырылды. Аталған көрсеткіштердің таралу сипаты 1–4-суреттерде ұсынылған.



Сурет 1 - Негативизм көрсеткіші бойынша таралу талдауы

1-суретте негативизм көрсеткішінің таңдамадағы жиілік үлестірімі берілген. Негативизм шкаласының орташа мәні $M = 3,30$, стандарттық ауытқуы $SD = 1,55$ ($N = 67$) болды. Көрсеткіштердің басым бөлігі орташа мәнің айналасында шоғырланғанымен, төмен және жоғары мәндер де кездеседі. Алынған үлестірім зерттелушілер арасында негативизм көрсеткішінің белгілі бір вариативтілігі бар екенін көрсетеді. Дегенмен үлестірімнің статистикалық қалыптылығы жөнінде қорытынды жасау үшін гистограмманы визуалды бағалаумен қатар арнайы статистикалық критерийлерді қолдану қажет.




Сурет 2- Реніш бойынша таралу көрсеткіші

2-суретте реніш көрсеткішінің жиілік бойынша таралуы көрсетілген. Реніш шкаласының орташа мәні $M = 2,67$, стандарттық ауытқуы $SD = 1,48$ ($N = 67$) болды. Алынған нәтижелер респонденттердің реніш көрсеткіштері бойынша біркелкі емес таралғанын және зерттелген топ ішінде жеке айырмашылықтардың бар екенін көрсетеді.



Сурет 3- Вербальды агрессия көрсеткіші

3-суретте вербалды агрессия көрсеткішінің таралуы ұсынылған. Оның орташа мәні $M = 5,81$, стандарттық ауытқуы $SD = 2,17$ ($N = 64$) болды. Сипаттамалық статистика вербалды агрессия көрсеткішінің зерттелушілер арасында айтарлықтай вариативті екенін көрсетеді.



Сурет 4 – Кінә сезімі бойынша таралу көрсеткіші

4-суретте кінә сезімі көрсеткішінің таралу ерекшеліктері берілген. Орташа мән $M = 4,48$, стандарттық ауытқу $SD = 2,44$ ($N = 62$) болды. Стандарттық ауытқудың салыстырмалы жоғары болуы респонденттердің кінә сезімінің көріну ерекшеліктері бойынша жеке айырмашылықтардың бар екенін көрсетеді.

Сипаттамалық статистика мен жиілік үлестірімдерін талдау студенттердің психоэмоциялық көрсеткіштері бойынша жеке айырмашылықтардың бар екенін көрсетті. Алайда зерттеудің негізгі мақсаты аталған ерекшеліктерді сипаттаумен ғана шектелмей, олардың интернетті пайдалану көрсеткіштерімен өзара байланысын анықтауға бағытталды. Осыған байланысты зерттеудің келесі кезеңінде Спирменнің рангтік корреляция коэффициенті қолданылып, интернетті пайдалану ерекшеліктері мен Басс–Дарки әдістемесінің көрсеткіштері арасындағы статистикалық байланыстар бағаланды. Корреляциялық талдау нәтижелері 2-кестеде ұсынылған.

Кесте 2. Интернетті пайдалану ерекшеліктері мен психоэмоциялық көрсеткіштер арасындағы Спирмен корреляциясының нәтижелері

Көрсеткіштер			8. Мен интернетті күн сайын ұзақ уақыт пайдаланамын:	9. Интернетке оқу мен ақпарат алуға мен үшін өте маңызды:	12. Интернетке кіре алмасам, өзімді мазасыз немесе жайсыз сезінемін:	13. Интернетті шамадан тыс қолдану достарыммен және отбасыммен қарым-қатынасыма әсер етеді:	14. Бос уақытыма көп бөлігін Интернетке өткіземін:	15. Интернетті көбіне эмоционалдық жеңілдеу немесе көңіл көтеру үшін қолданамын:	16. Соңғы бір жылда Интернетке жұмсайтын уақытым артты:	18. Интернетсіз өмір сүру мен үшін қиын болар еді:	19. Интернетке тәуелділікті азайту үшін қандай шаралар қажет деп ойлайсыз?
Спирмен критерий	Физикалық агрессия	корреляция коэффициенті	,008	,188	,113	,153	,084	-,028	,186	,216	,246*
		Маңзы. (екіжақты)	,948	,134	,369	,223	,507	,824	,138	,083	,049
		N	65	65	65	65	65	65	65	65	65
	Жанама агрессивтілік	корреляция коэффициенті	,372**	,315**	,318**	-,041	,293*	,230	,255*	,444**	,090
		Маңзы. (екіжақты)	,002	,009	,008	,738	,015	,059	,036	,000	,463
		N	68	68	68	68	68	68	68	68	68
	Тітіргендіргіш	корреляция коэффициенті	,275*	,360**	,390**	,224	,319**	,109	,245*	,489**	,049
		Маңзы. (екіжақты)	,026	,003	,001	,071	,009	,385	,047	,000	,698
		N	66	66	66	66	66	66	66	66	66
	Негативизм	корреляция коэффициенті	-,326**	-,417**	-,109	-,155	-,413**	-,276*	-,257*	-,299*	-,115
		Маңзы.	,007	,000	,381	,210	,001	,024	,036	,014	,354

	Реніш	(екіжақты)									
		N	67	67	67	67	67	67	67	67	67
		корреляция коэффициенті	,208	,109	,095	,056	,202	,099	,217	,308*	-,051
	Күдікті	Маңзы. (екіжақты)	,092	,379	,445	,654	,102	,426	,078	,011	,679
		N	67	67	67	67	67	67	67	67	67
		корреляция коэффициенті	,240	,337**	,358**	,354**	,270*	,167	,273*	,320**	,246*
	Вербальды агрессия	Маңзы. (екіжақты)	,052	,006	,003	,004	,028	,180	,027	,009	,046
		N	66	66	66	66	66	66	66	66	66
		корреляция коэффициенті	,334**	,323**	,205	,158	,433**	,159	,318*	,324**	,107
	Кінәлі сезімі	Маңзы. (екіжақты)	,007	,009	,105	,213	,000	,210	,010	,009	,401
		N	64	64	64	64	64	64	64	64	64
		корреляция коэффициенті	,573**	,364**	,380**	,173	,573**	,323*	,490**	,296*	,264*
	Дұшпандылық	Маңзы. (екіжақты)	,000	,004	,002	,180	,000	,010	,000	,019	,038
		N	62	62	62	62	62	62	62	62	62
		корреляция коэффициенті	,318**	,268*	,288*	,264*	,290*	,195	,364**	,377**	,080
	Агрессивтілік	маңызы. (екіжақты)	,010	,031	,020	,034	,019	,120	,003	,002	,525
		N	65	65	65	65	65	65	65	65	65
		корреляция коэффициенті	,274*	,347**	,324*	,245	,348**	,087	,293*	,438**	,139
		Маңызы. (екіжақты)	,032	,006	,011	,057	,006	,505	,022	,000	,286
		N	61	61	61	61	61	61	61	61	61

*. Корреляцияның деңгейдегі маңызы 0,05 (екіжақты).

**. Корреляция деңгейдегі маңызы 0,01 (екіжақты).

2-кестеде көріп отырғанымыздай, физикалық агрессия интернетті қолданумен айқын байланыс көрсетпеді, тек әлсіз және орташа деңгейдегі байланыстар байқалады. Алайда:

«Интернетсіз өмір сүру қиын» ($r = .246$, $p < .05$) – әлсіз оң байланыс бар. Яғни интернетке тәуелділік артқан сайын физикалық агрессияға бейімділік аздап жоғарылауы мүмкін.

2. Жанама агрессия. Бұл шкала интернет қолданумен ең көп байланыс көрсеткендердің бірі: Интернетті көп пайдалану ($r = .372$, $p < .01$), Оқу мен ақпарат үшін маңызды деп санау ($r = .315$, $p < .01$), Ұйқы режимінің бұзылуы ($r = .281$, $p < .05$), Достар/отбасы қатынасына әсері ($r = .318$, $p < .01$), Интернетке тәуелділікті маңызды мәселе деп санау ($r = .444$, $p < .01$) яғни бұл шкалада интернетке тәуелділік артқан сайын жанама агрессия күшейетінін көрсетеді.

3. Ашушаңдық. Интернетті маңызды деп санау ($r = .360$, $p < .01$), Мазасыздық/мазасыз сезіну ($r = .390$, $p < .01$), Бос уақытты интернетте өткізу ($r = .319$, $p < .01$), Көптеген индикаторлармен әлсіз-орташа байланыс бар. Интернетке тәуелділік ашушаңдық деңгейін арттырады.

4. Негативизм. Керісінше, кейбір интернет көрсеткіштерімен теріс байланыс анықталған: Күнделікті ұзақ пайдалану ($r = -.326$, $p < .01$), Интернет маңызды деп санау ($r = -.417$, $p < .01$), Бос уақытты интернетте өткізу ($r = -.413$, $p < .01$) Бұл интернетті көп қолданатын тұлғаларда ашық негативизм емес, пассивті немесе ішкі кері реакциялар болуы мүмкін екенін білдіреді.

5. Кінә сезімі .Ең күшті байланыстардың бірі кәні сезімі шкаласында кездесті. Күнделікті ұзақ қолдану ($r = .573, p < .01$), бос уақытты интернетте өткізу ($r = .573, p < .01$), интернетке тәуелділіктің артуы ($r = .490, p < .01$), интернетті шамадан тыс қолдану кінә сезімін күшейтеді.

6. Күдікшілдік шкаласында интернет маңызды ($r = .337, p < .01$), Ұйқының бұзылуы ($r = .354, p < .01$), қ атынастарға әсері ($r = .320, p < .01$) интернет қолдану әлеуметтік сенімсіздік пен күдікшілдікті арттыруы мүмкін.

7. Вербалды агрессия .Бос уақытты интернетте өткізу ($r = .433, p < .01$), Күнделікті ұзақ пайдалану ($r = .334, p < .01$), Мазасыздық ($r = .318, p < .01$), интернетке тәуелділік вербалды агрессиямен байланысты.

8. Өшпенділік пен жалпы агрессивтілік шкалалары бойынша интернетті көп пайдалану ($r = .318, p < .01$), Бос уақытты интернетте өткізу ($r = .290, p < .05$), Тәуелділік сезімі ($r = .377, p < .01$) Жалпы агрессия интернетті шамадан тыс қолданумен тығыз байланысты. Зерттеуімізде алынған нәтижелері бойынша, интернетті шамадан тыс пайдалану агрессияның көптеген формаларымен (жанама, вербалды, ашушандық, кінә сезімі) оң байланыста. Кейбір шкалаларда (негативизм) теріс корреляциялар анықталған. Ең күшті байланыстар кінә сезімі мен жанама агрессияда байқалады.

Қорытынды. Жүргізілген эмпирикалық зерттеу студенттердің интернетті пайдалану ерекшеліктері мен олардың психоэмоциялық күйінің жекелеген көрсеткіштері арасында статистикалық мәнді өзара байланыстардың бар екенін көрсетті. Басс–Дарки әдістемесі бойынша жүргізілген сипаттамалық талдау зерттелген топта агрессиялық және дұшпандық реакциялардың әртүрлі дәрежеде көрінетінін, сондай-ақ респонденттер арасында жеке айырмашылықтардың бар екенін анықтады. Зерттелген көрсеткіштердің ішінде вербалды агрессия, тітіркенгіштік, кінә сезімі, дұшпандық және жалпы агрессивтілік көрсеткіштері бойынша салыстырмалы вариативтілік байқалды. Спирменнің рангтік корреляция коэффициенті арқылы жүргізілген талдау интернетті пайдалану ерекшеліктерінің агрессиялық және эмоциялық реакциялардың бірқатар көрсеткіш-терімен статистикалық мәнді байланысын көрсетті. Атап айтқанда, интернетті күнделікті ұзақ пайдалану, бос уақыттың едәуір бөлігін интернетте өткізу, интернетке қолжетімділік болмаған кездегі жайсыздық және интернеттің субъективті маңыздылығы жанама агрессия, тітіркенгіштік, күдікшілдік, вербалды агрессия, кінә сезімі және жалпы агрессивтілік көрсеткіштерінің бірқатарымен оң байланыста болды. Зерттеу нәтижелерінде неғұрлым айқын байланыстардың бірі кінә сезімі көрсеткіші бойынша анықталды. Интернетті күнделікті ұзақ пайдалану мен кінә сезімі ($r = .573, p < .01$), сондай-ақ бос уақыттың көп бөлігін интернетте өткізу мен кінә сезімі ($r = .573, p < .01$) арасында оң статистикалық байланыс байқалды. Жанама агрессия көрсеткіші де интернетті ұзақ пайдалану ($r = .372, p < .01$), интернеттің оқу мен ақпарат алудағы маңыздылығы ($r = .315, p < .01$) және интернетті шамадан тыс пайдалануды маңызды мәселе ретінде қабылдау ($r = .444, p < .01$) көрсеткіштерімен статистикалық мәнді оң байланыс көрсетті. Сонымен қатар негативизмнің бірқатар интернет қолдану көрсеткіштерімен теріс корреляциялық байланыстары анықталды. Алынған нәтижелер студенттердің интернетті пайдалану ерекшеліктерін олардың психоэмоциялық және мінез-құлықтық сипаттамаларымен өзара байланыста қарастырудың маңыздылығын көрсетеді. Сонымен бірге анықталған корреляциялық байланыстар интернетті шамадан тыс пайдалану агрессиялық немесе эмоциялық өзгерістердің тікелей себебі болып табылады деген қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді. Зерттеудің корреляциялық сипатына байланысты алынған нәтижелер айнымалылар арасындағы статистикалық өзара байланыстар ретінде интерпретациялануы тиіс. Зерттеудің практикалық маңыздылығы алынған нәтижелерді студенттердің проблемалық интернет қолдануының психологиялық ерекшеліктерін зерделеуде, психологиялық профилактика бағдарламаларын әзірлеуде және білім алушылардың эмоциялық өзін-өзі реттеу дағды-ларын дамытуға бағытталған психологиялық жұмыстарды ұйымдастыруда пайдалану мүмкін-дігімен анықталады. Интернетті пайдалану ерекшеліктерімен байланысты психоэмоциялық көрсеткіштерді ескеру студенттердің цифрлық мінез-құлқын неғұрлым кешенді бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеудің белгілі бір шектеулері де бар. Біріншіден, зерттеу іріктемесінің көлемі салыстыр-малы түрде шағын. Екіншіден, интернетті пайдалану

ерекшеліктері стандартталған интернет-тәуелділік шкаласы арқылы емес, интернетті қолданудың жекелеген көрсеткіштері негізінде бағаланған. Үшіншіден, зерттеудің көлденең кималық және корреляциялық дизайны анықталған байланыстардың себеп-салдарлық бағытын белгілеуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан болашақ зерттеулерде іріктеме көлемін ұлғайтып, қазақ тілді студенттер арасында валидтелген интернет-ке тәуелділік немесе проблемалық интернет қолдану әдістемелерін пайдалану, сондай-ақ эмоционалдық реттелу, мазасыздық, депрессиялық симптомдар, стресс және психологиялық әл-ауқат көрсеткіштерін кешенді зерттеу орынды. Осылайша, зерттеу студенттердің интернетті пайдалану ерекшеліктері мен олардың психо-эмоциялық күйінің жекелеген көрсеткіштері арасында статистикалық мәнді байланыстар бар деген зерттеу болжамын ішінара қолдайды. Алынған нәтижелер студенттердің проблемалық интернет қолдануын психоэмоциялық және мінез-құлықтық ерекшеліктермен өзара байланыста әрі қарай зерттеудің қажеттілігін негіздейді.

Әдебиеттер тізімі:

Young, K. S. (1998). *Internet addiction: The emergence of a new clinical disorder*. *Cyberpsychology & behavior*, 1(3), 237-244.

Goldberg, I. (1996). *Internet addiction disorder*. *CyberPsychology & Behavior*, p. 412.

Өзтекин, Г.Г. (2024). Түрік колледж студенттерінің интернетке тәуелділігі мен мектепке тартылуы арасындағы байланыстар: психологиялық күйзелістің делдалдық рөлі. *Психологиядағы шекаралар*, 15, 1367462. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2024.1367462>

El-Gazar, H. E., Elgohari, H., Loutfy, A., Shawer, M., El-Monshed, A. H., Abou Zeid, M. A. G., & Zoromba, M. A. (2024). Does internet addiction affect the level of emotional intelligence among nursing students? A cross-sectional study. *BMC nursing*, 23(1), 555.. <https://doi.org/10.1186/s12912-024-02191-6>

Хайнагу, С.М. және Неагу, С.Н. (2025 ж. қазан). Интернетте қалып қойғандар — Румыния медициналық және техникалық университет студенттері арасындағы эмоционалды реттеу қиындықтары және интернетке тәуелділік: пилоттық көлденең зерттеу. *Денсаулық сақтауда* (13-том, № 19, 2528-бет). MDPI. <https://doi.org/10.3390/healthcare13192528>

Zewude, G. T., Gosim, D., Dawed, S., Nega, T., Tessema, G. W., & Eshetu, A. A. (2024). Investigating the mediating role of emotional intelligence in the relationship between internet addiction and mental health among university students. *PLOS Digital Health*, 3(11), e0000639. <https://doi.org/10.1371/journal.pdig.0000639.s001>

Навий, Л. Н., Шурманова, Ж. Т., & Ракишева, Г. М. (2022). Интернет-тәуелділіктің студент психологиясына әсері. ЛН Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. *Педагогика. Психология. Социология сериясы*, 141(4), 228-238.

Курмашова, А. С., & Баймолдина, Л. О. (2021). Орта жастағы адамдардың әлеуметтік желілерге тәуелділігінің психологиялық аспектілері. *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология*, 66(1), 92-98. <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7847.17>

Хван А. А., Зайцев Ю. А., Кузнецова Ю. А. Стандартизация опросника А. Басса и А.Дарки. *Психологическая диагностика*, 2008, № 1, — с. 35-58.

References

Young, K. S. (1998). *Internet addiction: The emergence of a new clinical disorder*. *CyberPsychology & Behavior*, 1(3), 237-244.

Goldberg, I. (1996). *Internet addiction disorder*. *CyberPsychology & Behavior*, p. 412.

Öztekin, G. G. (2024). Relationships between internet addiction and school engagement among Turkish college students: The mediating role of psychological distress. *Frontiers in Psychology*, 15, 1367462. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2024.1367462>

El-Gazar, H. E., Elgohari, H., Loutfy, A., Shawer, M., El-Monshed, A. H., Abou Zeid, M. A. G., & Zoromba, M. A. (2024). Does internet addiction affect the level of emotional intelligence among nursing